

Тарбағатай ауданының Ырғызбай ауылдық округінің Жәңтікей ауылына және Көкжыра ауылдық округінің "Мырзабай" учаскесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 542 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 желтоқсанда № 5344 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 5 наурыздағы № 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 05.03.2019 № 99 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2017 жылғы 10 қазандағы № 441, 2017 жылғы 30 қазандағы № 488 ұсыныстары негізінде, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Ырғызбай ауылдық округінің Жәңтікей ауылына және Көкжыра ауылдық округінің "Мырзабай" учаскесінде мүйізді ірі қара және ұсақ малдары арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

